

“Bal Ayt” бобекжай-биквасы

# «Қош келдің, Жаңа жыл»

Тобы: “Балжан” кіші тобы

Топ тәрбиешілері: Жанзахова Г.

Нагметуллаева З.

2024 – 2025 жылдары

*Текімділелік  
Ертасқында*

**Максаты:** Балаларды қонақжайлылықка үйресту, мерекелік конціл-күй сыйлау.

**Кейіпкерлер:** Жұргізуші, Аяз ата, Ақшақар, аю, коян, ұлу.

**Корисекіліктер:** Ақ ұлпа қарлар, тәтті қәмпіттер, корзина, сыйлактар.

*Музыка дүенімен балалар қолдарына жылтыр қарлармен би қимылдарын жасап кіреді, билеп болған соң жарты шеңбер болып, шыршаның қасына барып тұрады.*

**Жұргізуші:**- Сәлеметсіздер ме, күрметті қонақтар! Сіздерді келе жаткан Жана жыл мерекесімен шын жүректен күттүктаймыз.

Келді тағы Жаңа жыл,

Куантумен

біздерді

Күтті болсын мереке,

Күттүктаймыз сіздерді.

**Жұргізуші:**- Балалар, қарандаршы, біздің бөлмеміз әдемі безендірілген, біз бүгін Жана жыл мерекесін тойлаймыз. Бізге коптеген қонақтар келіпті, шыршаға әдемі ойыншықтар ілінпіті.

**Жұргізуші:**-Балақайлар, қарандаршы шыршамызыда қаншама ойыншықтар, тәтті қәмпіттер ілінген. Осы әсем шыршамызға әдемі әнімізді тарту етеміз.

**Ән: «Қысқы ән»(орындыққа отыргызы)**

**Аргы жақтан есік қагылады.**

**Жұргізуші:**- Балалар мерекемізге қонаққа келген сияқты.

**Аяз ата мен Ақшақар кіріп келеді.**

**Аяз- Ата:** Амансыңдар ма, балалар?

Сәлеметсіндер ме, қонақтар?

Балаларым, балғыным

Өмір гүлім шалғыным.

Тілегенім жыл бойы,

Сендердің денсаулықтарың!

**Ақшақар:**- Балалар, мені таныдыңдар ма? Мен Аяз атаниң немересі Ақшақармын!

**Аяз-ата-** Ой, балалар шыршаларың қандай әдемі, керемет!

**Ақшақар:**қандай керемет менің ұлпадай әппақ сіңілілерім келіп қалыпты, сендермен би билегім келіп тұр. Келіндер ортага билейік.

**Жұргізуші:**аяз ата сіз ұзак жолдан шаршаған боларсыз, отырып демалыныз. Ал, ақшақар біздің аппақ қыздарымызben би билеп көңіл көтерсін.

**Би: «Шырма**

**Ақшақар:**- Балалар қарандарша айналамызыда қаншама ұлпақтарлар шашылып жатыр.

Қанекей бәріміз қарларды жинап, шыршаның айналасын безендірейік!

**Ойын: «Ұлпақтарлар жинау»**

**Ойынның шарты:** Балалар ұлпа қарларды жинап, шыршаның түбіне қояды.

**Ақшақар:**-Жарайсыңдар балалар, бір сергіп қалдық. Ой, қандай керемет шырма!!!

Қаншама жалтыраған ойыншықтары көп. Бірак шамдары жанбай тұргой? Келіндер балақайлар бірге шамдарын жағайық.

**Ойын: «Шыршаның шамдарын жагу»**

**Ойынның шарты:** Ақшақар балалармен қол соққанда шырма шамы жанады. Ал, үрлеген кезде шырма шамы сөнеді. Ойынды үш рет қайталу. /Ойынның шартын ақшақар тустандіреді және ойнатады/

**Жұргізуші:** Қане балалар енді әдемі,әсем шыршамызға әнімізді арнайык.

**Ән хоровод: «қішкентай шыршамыз»**

**Жұргізуші:** Балалардың тақпактарына кезек берейік.

**Осы кезде Аяз ата үйіктап шыршаның қасында отырады.**

**Ақшақар:**- Балалар қарандар Аяз ата үйіктап калды. Ол алыстан келемін деп әбден шаршаған фой. Ой, балалар тыныш, тыныш. Қасына барайық, келіндер жақындейық. Қанекей балалар Аяз атаниң оятайық.

**Ойни: «Аяз атана ояту»**

**Ойнының шарты:** Кане балалар қолымызды катты согып, аятымызды топылтатайыкшы аяз ата үйкітпей калынты. Алаканымызбен каттырак согайык. /Ойни 3 рет кайталанады/

**Аяз ата:- (оянып кетеді)**

**Жүргізуши:**- Келіндер балакайлар! Аяз атана ортага алтып би билейік.

**Би: «Санта клоус» (ұллар би)**

**Аяз- ата:** Тамаша, керемет. Жарайсындар балалар бүтін сондай қуанышты мереке болды.

**Ақшакар:** Аяз-ата сіз ештеге үміттап кеткен жоксыз ба?

**Аяз-ата-** Жок мен ештеге үмітканым жок. /ойланып/ Балалар ән айтты, балалар мен бірге шыршаның шамын жактым, такпактарын тыңдалым, ойын-ойнадык. Жок ештеге үмітканым жок.

**Ақшакар-** Балалар айтындаршы Аяз-ата сендерге не беруі керек?

**Балалар- Сыйлықтар!!!**

**Аяз ата:-** Ой, ой, ой кәрі басым-ай, балаларға сыйлықтарын беруді үмігтеп кетіппін гой. Кане қызым Ақшакар алтып кел сыйлықты.

**Аяз ата:** мінс енді дұрыс болды. Біздің балалар ете зерек, қонақжай. Олай болса, кане Ақшакар қызым, енді шыршаның түбіндегі сыйлықты алтып келе қойшы. **Ақшакар шыршаның түбіндегі жақтан үлкен сыйлықты алтып келеді.**

**Ақшакар:-** Караптаршы балалар, Аяз ата сендерге кандай керемет сыйлықтар алтып келген. Жаңа жыл деген таңгажайыпка толы мереке гой! Барлық адамдар бұл мерекені жаксы кереді. **қапшықтың ішін ашауды, сыйлықтар шыгады.**

**Аяз ата-** Ал, кәне, балалар,

Сендерге сыйлығым бар,

Аталаңының сыйлығын

Куанып қабыл алындар!

**Жүргізуши:** - Біз енерлі баламыз,

Ертен-ак есіп толамыз.

Атамыздың сыйлығын,

Рахмет айтып аламыз.

**Бәрі бірге: РАХМЕТ!**

**Аяз ата-** Ал, балаларым тағыда Жаңа жыл құтты болсын. Енді біздіңде кайтатын уақытымызда болып қалды. Себебі, ездерің секілді балалар өнерлерін дайындал, сыйлықтарын алуға асығып отырған болар. Келесі жылы кездескенше кош сау болындар!

**Балалар-** сау болыңыздар!

**Жүргізуши:-** Би-биледік, жыр-жырладык,

Кызығына тоймадык,

Достарменен ойнадык,

Жаңа жылды думандатып тойладык! Ал, құрметті қонактар осымен мерекелік ертеңгілігімізді «Шыршага бардық»- әнімізбен аяқтаймыз. Келесі мерекеде кездескенше кош-сау болыңыздар!

**Ән: «Шыршага бардық»**

